

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік-құқықтық актілерге ғылыми сараптамалар бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді құралы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САРАПТАМА НӘТИЖЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚАЗҰУ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ЖАС ҒАЛЫМДАР КӨРМЕСІН ТАМАШАЛАДЫ

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай оқу ордасының қабырғасында ұйымдастырылған жас ғалымдардың жетістіктеріне арналған инновациялық жобалар көрмесімен танысты.

Көрмеге ҚазҰУ ғалымдарының әртүрлі ғылыми-зерттеу жұмыстары қойылды. Аталмыш ғылыми жобалардың көп бөлігі қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға және қазіргі күндегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жоғары технологияларға арналған әзірлемелер. Мәселен, олардың қатарында инновациялық энергия үнемдейтін газ разрядты шамдар, кескінді танудың машиналық көрінісі, күкірті бар препаратты алудың жаңа технологиясы, антивирустық мульти-табиғи қоспа, «Golden Fly» құрамажем, ауаның ластану деңгейін өлшейтін құрылғысынды басқа да жобаларды атап өтуге болады. Сондай-ақ, аборигенді микроорганизмдерді ынталандыру әдісі арқылы дала жағдайында қабаттардан мұнай өндіруді арттыру, ЖОО, ғылыми-зерттеу институттарының қызметін кешенді автоматтандыру және цифрлық сервистерді енгізу жобалары да көрсетілді.

Жалғасы 3-бетте

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ АРНАЛҒАН «30 ЖЫЛДЫҚҚА - 30 АПТАЛЫҚ» ЖОЛ КАРТАСЫ БЕКІТІЛДІ

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай оқу ордасының қабырғасында ұйымдастырылған жас ғалымдардың жетістіктеріне арналған инновациялық жобалар көрмесімен танысты.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған университеттің «Отыз жылдыққа – отыз апталық» жол картасы мәселесі бойынша Әлеуметтік даму жөніндегі проректордың м.а. Ә.Р. Масалимованың хабарламасы тыңдалды. Университет Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнап жасаған «Отыз жылдыққа – отыз апталық» жол картасына сәйкес, Тәуелсіздік жылдарындағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жетістіктері бойынша деректі фильм форматындағы «Жеңіске толы 90 жыл» атты фильм түсіру, сондай-ақ рухани-адамгершілік құндылықтар, отансүйгіштік және азаматтық сананы қалыптастыруға, тәрбиелеуге бағытталған, Тәуелсіздік тарихына арналған балалар анимациялық фильмдер сериясын түсіру және виртуалды интеллектуалдық ойындар әзірлеу жоспарланып отыр.

Жалғасы 3-бетте



Іс-шараны ұйымдастырушылар – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ғ.Сапарғалиев атындағы мемлекет және құқық ғылыми зерттеу институты, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Нұрсұлтан Назарбаев қоры, «Қазақстанда парламентаризмді дамыту қоры» ҚҚ.

Конференцияның жұмысына әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Нұрсұлтан Назарбаев қоры атқарушы директорының орынбасары, ҚР Конституциялық кеңесі жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі, АӨК қоғамдық кеңестің төрағасы Игорь Рогов, Нидерланд Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Андре Карстенс, «Қазақстанда парламентаризмді дамыту қоры» қоғамдық қорының президенті Зәуреш Батталова, мемлекеттік органдардың өкілдері, Молдова, Түркия және Орталық Азия елдерінің сарапшылары, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарының өкілдері қатысты.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді құралы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ашқан ҚазҰУ Ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Жолдауларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі бағдарламалық бағыттарын, мемлекеттің бақылау функцияларын қысқарту, олардың жұмысының, мемлекеттік аппараттың бақылауда болуы және оның ашықтығы, сондай-ақ экономика мен бизнеске мемлекеттің араласуын азайту керектігін

ашып көрсеткенін атап өтті. Тұңғыш Президенттің саясатын жалғастырған ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттарын айқындады және Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік құқықтық актілерге ғылыми сараптама жүргізу, бұл процеске азаматтық қоғам өкілдерін, ғалымдар мен практиктерді кеңінен тарту керектігін айтты.

Аса маңызды алдын алу шараларының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама болып табылады, оның мақсаты – нормативтік құқықтық актілер жобаларында сыбайлас жемқорлық сипатындағы нормаларды анықтау және оларды жоюға бағытталған ұсынымдарды әзірлеу. ҚР Президентінің саясатын жүзеге асыру аясында 2020 жылдың қарашасынан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік-құқықтық актілерге ғылыми сараптамаларды үйлестіру жұмыстары жүргізіле бастады. Бес айдың ішінде 5016 нормативтік құқықтық заң актілерінің жобаларына сараптама жүргізіліп, соның ішінде 13430 сыбайлас жемқорлық факторларын жою туралы қорытынды жасалды. Кешенді жұмыстардың нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманың экономикалық тиімділігі, алдын-ала деректер бойынша, 3,7 миллиард теңгені құрады. Әрбір сараптаманың нәтижелері ақпараттық жариялылықты қамтамасыз ету үшін «Сараптама» арнайы порталында жарияланады. Бұл жұмысқа азаматтарды кеңінен тарту үшін сарапшылар тізімі жаңартылып тұрады, қазіргі кезде тізімде 146 сарапшы тұр.

Жалғасы 2-бетте



Жалғасы. Басы 1-бетте

Соңғы жылдары университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Саналы ұрпақ», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама», «Қазақстанның білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің цифрлық карталары», «Парасат жолы» сияқты әлеуметтік маңызы зор жобалар іске асырылды. Университет қабырғасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында студенттердің арасында «Жемқорлықтан тыс Университет» және «Жемқорлықтан тыс Факультет» сауалнамалары үнемі өткізіліп тұрады, олар онлайн режимде өтеді және әрбір студент оқытушы, факультет және университет туралы өз пікірін қалдыра алады. Кураторлық сағат аясында ЖОО қабырғасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету мақсатында тәрбие іс-шаралары тұрақты негізде ұйымдастырылады. Бұл жұмыс университеттің барлық куратор-әдвайзерлерінің тәрбие жұмысы бағдарламасына енгізілген. Жемқорлыққа

**ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САРАПТАМА
НӘТИЖЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ**



қарсы әрекет бойынша іс-қимыл агенттігі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың баяғыдан келе жатқан стратегиялық серіктесі. Бұл тұрғыдан алғанда университет ғылыми ой орталығы, пікірталас алаңы және Жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша іс-қимыл агенттігінің креативтік идеяларын үйлестіруші рөлін атқарады.

Конференцияға қатысушылар сараптама жүргізудің өзекті мәселелерін, оның заң шығарудағы рөлін, түрлі салалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, халықаралық тәжірибелерді салыстырмалы талдау қорытындыларын, сондай-ақ коррупцияға қарсы жұмысқа жұртшылықты жұмылдыру мәселелерін талқылады.

Конференцияда сөз алған ҚР АӨК Парасаттылық департаментінің дирек-

торы Ғанижан Асанұлы коррупциялық нормаларды жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік құқықтық актілерге (НҚА) ғылыми сараптама жүргізуді жаңғырту мәселесіне тоқталды.

«Тек өткен жылдың қорытындысы бойынша 70 НҚА сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау бойынша сыртқы талдаудың 200-ден астам түзетулерін енгізді. Бұл жұмыстағы негізгі жаңалық – осы институтты қалпына келтіру процесіне қатты қызығушылық танытқан жұртшылық өкілдерін және академиялық қоғамдастықты кеңінен тарту болды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізуге 600-ден астам адам қатысуға ниет білдіріп отыр. Іріктеу конкурсының қорытындысы бойынша 146 адам тізімге

кірді. Сарапшылар бұл бағытта орасан зор жұмыстарды еңсерді. Орта есеппен әрбір сарапшы күніне 30 НҚА сараптама жасады. Өткен жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа форматтағы сараптама 5 мың НҚА жобаларын қамтыды, онда сыбайлас жемқорлықтың 13 мың тәуекел факторы анықталды», – деді ҚР АӨК Парасаттылық департаментінің директоры.

ҚР Конституциялық кеңесі жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі, АӨК қоғамдық кеңестің төрағасы Игорь Рогов өз сөзінде сыбайлас жемқорлық сараптамасын қайта жандандырудың маңызына тоқталып, сыбайлас жемқорлық туралы алғашқы заңның бастамашысы Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев болғанын айтты.

Конференцияда қаралған мәселе бойынша Молдова Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша ұлттық орталығы экс-басшысының орынбасары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық сарапшы Кристина Цэрнэ, «Қазақстанда парламентаризмді дамыту қоры» АҚ ғылыми жетекшісі, заң ғылымдарының кандидаты, конституционалист Мереке Ғабдуалиев, Нидерланд Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Андре Карстенс, ҚР Парламент Сенатының Конституциялық заңдар, сот жүйесі және құқық қорғау органдары жөніндегі комитеттің төрағасы Қанатбек Сафинов және басқалар өз пікірлерін ортаға салды.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

■ QYSQA-NUSQA

Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жұрналістика факультеті Baspajerlik-redaktorlyq және dizainerlik öner kafedrasynyñ uyymdastyryymen kórnekti ǵalym, ustaz, jazýshy, pýblisıs, tarih ǵylymdarynyñ kandidaty, profesor Ábilfayz Ydyrysovty eske alýǵa arnalǵan «Baspa isi және mediadızam: qazirgi trendter, problemalary және keleshegi» degen taqyrypta Ydyrysov oqýlary ótti.

Bul baiqayda stýdentter men magistranttar óz jumystaryn usynyp, baq synady. Baiqay negizgi eki baǵytta ótti. Birinshi baǵyt, baspa isine arnalsa, ekinshi baǵyt dizain salasyна arnaldy. Jumystarǵa osy eki baǵytta ádil-qazy alqasy sailanyп, kelip túskен еnbekterdi óz sanaty boynsha baǵalady.

Konferensia moderatory, jýrnalstika fakúltetiniñ dekanı Saǵatbek Medeybek: «Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жұрналістика факультетінде өмір бойы еңбек еткен улағатты ұстаз, қарымды қаламгер, замансózger, profesor Ábilfayz Ydyrysov атындағы оқыларын ótkizip otyrmыз. Esteriñizde bolsa, byltyr 19-qyrkúnekte Á.Ydyrysov атындағы áydtoria ashylǵan bolatyn. Sol konferensia aiasynda Ydyrysov атындағы shákirtaqy taǵayındaldy. Ulaǵatty ustazdyñ áyleti bul shákirtaqyny 10 jyl boiy turaqty berip otyрмаq. Sondyqtan, biz oqý jyly bastala salysymen, stýdentter men magistranttar arasynda Á.Ydyrysov oqýlaryn 5 atalym boynsha jarialadyq. Kóptegen jumystardyñ ishinen 20-shaqtsy irikteliп ádilqazylar alqasyна usynyldy. Sonym ishinen еñ úzdikterin anyqtaп, búgin marapattap, shákirtaqysyn tapsyryp otyrmыз», - dedi. Sonymen qatar, S.Medeybekuly ustaz Ábilfayz Ydyrysovtyñ еnbek jolyna, ásirese, Baspajerlik-redaktorlyq және dizainerlik öner kafedrasynyñ ǵylymy negizin bir jolǵa salyp ketken ǵalym retindegi еnbegine úlken baǵa berdi. Bul baiqayǵa qundy, maǵynaly jumystar kelip túskен, mundaı baiqayǵa qatsysyǵa degen qulshynystyñ ózi ustazǵa degen qurmet ekenin ystyp yqylaspen atap ótip, qatsysyshylarǵa Ábilfayz Ydyrysovtyñ uly Erlan Ábilfayzulynyñ marapat hatyn oqyp berdi.

Baspajerlik-redaktorlyq және dizainerlik öner kafedrasynyñ meñgerýshisi Aigúl Amirǵalqyzy, ustazdyq, adamgershilik, qarapaimdylyq qyrlaryn eske alyp, Ábilfayz ustazdyñ ainalasyna meirim shýaǵyn tóge bilgen izgi jan, ustaz ben shákirt arasynda keremet qurmetti sezindirgen abzal ǵalym ekendigin úlken saǵynshpen atap ótti. Ustazdyñ izin jalǵaǵan jas býyngа Ydyrysovtar áydtoriany Ábilfayz Ydyrysov атындағы jaña áydtoriany jasaqtaп bergeni úshin alǵysyn da bildirdi.

Shynar ÁBILDA

Жұрналістика факультеті 2-кыrs magistranty Berikbol Tólegen "Skills academy - til úreny platformasy" jobasyn Stýdenttik biznes inkýbatorlar baiqayyna usynyp, ýniversitet boynsha 3-oryndy ielendi.


Jobanyñ videotanystyrylymy tómenдеgi siltemeden kóre alasyzdar.

<https://yadi.sk/i/VY8qVMikA8HILA>

Joba avtory Berikbol Tólegen, jýrnalstika fakúltetiniñ magistranty, Skills academy JShS direktory. Stýdenttik yaqyttan qolǵa alynǵan Qaztest.kz, Martebe.kz және Ozattar.kz jobalary qazirgi tañda Qazaqstanda tanymal, suranystaǵy bilim jobalaryна analyp otyr. Skills academy til úreny platformasy da sapaly bilim berýge umtylatyn kompaniynyñ kezekti bir úlken jobasy. Platforma arqyly birmeshe tildi және daǵdylardy damytýǵa bolady. Jobanyñ birinshi kezeñi mamyr айнда naryqqa shyǵarylady dep josparlanyп otyr. Ekinshi kezeñinde platformamen qatar bilim беретin mobildi qosymshasy da shyǵarylmaq.

ҚАЗҰУ – ӘЛЕМ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ РЕЙТИНГІНДЕ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS, THE, ARES сияқты ең беделді халықаралық рейтингтерге қатысады. Оның нәтижесі бойынша университет қазақстандық жоғары оқу орындары арасында талассыз көшбасшы болып табылады.



Жоғары деңгейдегі сарапшылардың пікірлерін негізге алған тағы бір агенттік, Rank ProWorldwide Professional University Rankings (<https://www.cicerobook.com/en/>) ҚазҰУ-ды үздік деп таныды. «Rank Pro by Subjects 2021» пәндік рейтинг қорытындысы негізінде ҚазҰУ – әлемдегі үздік ЖОО-лар арасында – «Әлеуметтік-

гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша – 351-400, «Математика» бағыты бойынша – 401-500 көрсеткіштеріне ие болған қазақстандық жалғыз оқу орны.

Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – «Asia Pacific Rank Pro World Leading Universities» рейтингінде ТОП-200 ішінде 176-орынға ие болып, Азия-Тынық

мұхиты аймағындағы университеттер қатарына кірген қазақстандық ЖОО-лар арасында да алдыңғы орында.

Рейтингті ұйымдастырушылар – «Жаһандық әлемдік коммуникатор» (GWC) әлемдік жетекші университеттерге тиісті баға беру үшін объективті және сенімді жеті көрсеткішті пайдаланады: оқытушы-профессорлық құрамның сапасы; жоғары рейтингтік журналдардағы жарияланымдар; сапалы танымдық ғылыми мақалалардың саны; халықаралық патенттердің саны; әлемге танымал жетекші 2000 компанияларда қызмет ететін университет түлектері; білім беру сапасы.

Өз тілшімізден

ҚАЗҰУ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ЖАС ҒАЛЫМДАР КӨРМЕСІН ТАМАШАЛАДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте



Директорлар кеңесі мүшелерінің назарына бұдан бөлек «IBox – әмбебап виртуалды құрылғы агенттігінің платформасы», «Qorgan» зияткерлік жүйесі, «Электромагниттік құбылыстардың негіздерін зерттеуге арналған инновациялық аппараттық-бағдарламалық кешен», «Күн жылу энергиясының маусымдық жинақталуы», «Ғарыштық мониторинг негізіндегі геоақпараттық жүйе» жобалары ұсынылды. Басқа да инновациялық жобаларды аса қызығушылықпен тамашалаған кеңес мүшелері жастардың ғылым саласындағы жетістіктері еліміздің өркендеуіне сүбелі

үлес қосатындарына сенім білдіріп, жастардың жұмыстарына табыс тіледі.

Шара соңында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Онда еліміздің ғылым, техника, экономика, халықаралық байланыс, саясат саласындағы жетістіктерін бейнелейтін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы еңбектері және еліміздің тәуелсіздік алған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңді қамтитын әртүрлі кітаптар топтамасы қойылған.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ АРНАЛҒАН «30 ЖЫЛДЫҚҚА - 30 АПТАЛЫҚ» ЖОЛ КАРТАСЫ БЕКІТІЛДІ



Жол картасына университет ғалымдарының жетістіктерін, отандық білім мен ғылымға қосқан үлестерін, ғылыми еңбектерін әлемдік деңгейде таныту мақсатында «Тәуелсіздікке тарту» сериясын шығару, Мәжіліс пен Сенаттың белгілі депутаттарын шақырып, студенттермен кездесулер өткізу, қазақстандықтардың тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету және кеңінен насихаттау үшін Мұрағатта сақталған суреттерді сандық форматқа көшіру, егемендік кезеңдегі елеулі оқиғаларды баяндайтын «Тәуелсіздік тәу етер киеміз» тақырыптық көрме ұйымдастыру, Тәуелсіздік тақырыбында жазылған кітаптарды жастарға таныстыру сияқты жыл бойы атқарылатын жұмыстар кірген. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шаралардың жол картасы ректорат отырысында бекітілді.

Жиында қаралатын екінші мәселе, 2020-2021 оқу жылындағы индикативтік көрсеткіштердің орындалу барысы туралы Стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшарат Минажева баяндады. Оның айтуынша, индикативтік көрсеткіштер халықаралық рейтингтермен үйлесімді болуы керек, сондықтан олардың әрқайсысында белгіленген балл бар. QS World University Ranking by Subject рейтингінің әдістемесі төрт негізгі көрсеткішке негізделген: академиялық бедел, жұмыс берушілер арасындағы бедел, ғылыми мақалаларға сілтеме және Хирш индексі. Пәндік рейтинг 95 мыңнан астам академиялық

сарапшылардың, 45 мыңдай жұмыс беруші сарапшылардың пікірлері ескеріле отырып, «Scopus» мәліметтер базасынан алынған ақпараттар негізінде жасалған. ҚазҰУ ұлттық пәндік рейтингтерде оқу бағдарламалары бойынша қазақстандық университеттер арасында жетекші орын алады. ҚазҰУ халықаралық деңгейдегі ғылыми-зерттеу университетіне айналу барысында әлемдік университеттердің институционалдық рейтингінде және пәндік рейтингте де табысқа жетіп, үнемі алға жылжып келеді.

«Негізгі басымдық ғылыми-зерттеу жұмыстарына беріледі. Сондықтан әрбір оқытушы алдымен ғалым болуы керек. Ал индикативтік көрсеткіштер, университеттің болашақ дамуын үйлестіретін, стратегиялық оперативті басқару жүйесі болып табылады. Сондықтан индикативтік көрсеткіш мәселесі үнемі назарда болады. Схемалар, таблицалар болып көрінгенмен осы көрсеткіштер бойынша ЖОО ішінде университетіміздің алатын орны анықталады», деп түйіндеді бұл мәселені ректор Жансейіт Түймебаев.

Ректоратта тағы да біркөтерілген мәселе Университеттегі оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің 2021-2022 оқу жылындағы бос жұмыс орындарына жарияланған байқау туралы болды. Бұл туралы адам ресурстары және архив басқармасының басшысы А.С. Мадияр баяндап берді.

Қайыржан ТӨРЕЖАН



На очередном ректорате КазНУ обсудили ход реализации дорожной карты университета по празднованию 30-летия Независимости РК, а также ряд важных вопросов, включая выполнение индикативных показателей за текущий учебный год и подготовку к конкурсу ППС и научных работников на вакантные должности

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ғылым күніне орай университеттің жетекші ғалымдарымен онлайн кездесті. ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызметін одан әрі дамыту мақсатында ұйымдастырылған жүздесу ғылым мен технологияның басым бағыттарын талқылауға арналды.

НАҚТЫ ЖОБАЛАР БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР ДАЙЫНДАЛАДЫ

деңгейдегі зерттеу университеттері жоғары білікті мамандар даярлауға ғана емес, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің кең спектрін іске асыруға және оларды одан әрі коммерцияландыруға бағытталғанын баса айтты.

«Дәл осы зерттеу университеттері болашақта даму нүктелеріне, ғылымды қажет ететін экономиканың қозғаушы күшіне айналатыны сөзсіз. Ұлттық инновациялық жүйенің даму дәрежесі өз кезегінде тұрақты экономикалық өсудің негізін құрайды. Осы орайда ел білімі мен ғылымының флагманы – ҚазҰУ экономиканың дамуына нақты үлес қосатын жобаларды көптеп ұсынуы қажет» деді ректор.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ – 16 факультеттен, 8 жаратылыстану бағытындағы ғылыми-зерттеу институттарынан, 29 ҒЗИ мен әлеуметтік-гуманитарлық



«Университет базасында жыл сайын ғылымды дамытудың барлық басым бағыттары бойынша жалпы сомасы 6 млрд теңгеге 400-ден астам ғылыми-зерттеу жоба орындалады. ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу қызметін интернационалдандыруда халықаралық ғылыми-білім беру байланыстарын жүйелі түрде кеңейту, халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. 2020 жылы университет ғалымдары халықаралық қорлар мен ұйымдардың 106 грантын алды» деп, Жансейіт Түймебаев ғылым саласындағы университет жетістіктерін атап өтіп, инновация мен ғылыми зерттеу жұмыстарының халықаралық деңгейге көтеру қажеттігіне баса назар аударды.

Жиында сөз алған ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтардың директорлары, жетекші ғалымдар өздерінің ғылыми бағыттары бойынша сөз сөйлеп, халықаралық ынтымақтастық, ҒЗИ ғалымдарының жарияланымдық белсенділік көрсеткіштері, атқарылған жұмыстар, қаржыландыру проблемалары және соңғы жылдары қордаланған мәселелерді шешу жолдары туралы баяндады. Биология және

биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институтының директоры Амангелді Бисенбаев ғылыми және инновациялық жобалардың болашағы туралы сөз қозғады. «Олардың бірі – қарапайым қамысты халық шаруашылығына пайдаланудың экологиялық, экономикалық және технологиялық негіздерін дамыту. Бұл табиғи өсімдік Іле өзенінде өседі және өңдеудің арнайы технологиясын қолдана отырып, ғалымдар Францияның әртүрлі түйіршікті биокормаларын алды» дейді Амангелді Қуанбайұлы. Бактерияға қарсы препараттардың жаңа буынын жасау бойынша келесі жоба бекіре тұқымдас балықтардың бактериялық қоздырғыштарымен күресу және бактериялық инфекцияны диагностикалауға арналған. Ғалымның айтуынша, алынған препарат өте тиімді және оған төзімді бактериялар жоқ.

Сондай-ақ дөңгелек үстел барысында ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің деканы Асқар Давлетов, Физика-химиялық зерттеулер және талдау институтының директоры Болат Кеңесов, Дәрілік өсімдіктер ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жанар Жеңіс, Химия және металлургия саласындағы инновациялық технологиялар ғылыми-зерттеу орталығының директоры Хабибула Оспанов, Әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг ғылыми-зерттеу орталығының директоры Гүлмира Әбдірайымова, Азиялық зерттеулер ғылыми-зерттеу орталығының директоры Герман Ким және тағы басқа ғалымдар ғылым саласындағы өзекті мәселерді қозғап, өз ойларын ортаға салды.

Сөз соңында ҚазҰУ Басқарма басшысы – ректоры Ж.Түймебаев университеттің ғылыми бағытын жетілдіру бойынша кездесулердің әлі жалғасатынын жеткізді. Пікірлесу алаңына шыққан ғылыми-зерттеу институттарының жетекшілері мен ғалымдарына нақты жобалар бойынша ұсыныстарын дайындауды тапсырды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА



жүйелерді құру арқылы ғана арттыруға болатынын бірнеше рет атап өткен болатын» дей келе, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев осы стратегиялық тұжырымдаманы дамыта отырып, ғылым мен білімді экономиканың жекелеген салалары ретінде қалыптастыруды мақсат етіп қойғанын алға тартты. Сондай-ақ шетелдік тәжірибеде әлемдік

бағыттағы орталықтардан тұратын дамыған ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар орталық. Оқу орны университет базасында ғылымды қажетсінетін экономиканың өсу нүктесін қалыптастыра отырып, әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне трансформациялану бағытына бет бұрды.



В Казахском национальном университете имени аль-Фараби в рамках проекта «Умное поколение», посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и Дню работников науки, прошла онлайн-встреча молодых ученых с Председателем правления-ректором КазНУ Жансеитом Туймебаевым

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректоры Ж.Қ.Түймебаев Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған «Ақылды ұрпақ» жоба аясында және Ғылым күніне байланысты университеттің жас ғалымдарымен онлайн кездесу өткізіп, ғылыми-инновациялық қызметін дамыту жөніндегі олардың ұсыныстары мен идеяларын тыңдады. Кездесуге 200-ден астам жас ғалымдар қатысты.



Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарында еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев және қазіргі Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ғылымды дамытуға және жас ғалымдарды қолдауға ерекше көңіл бөледі. Қазіргі әлемде кез-келген елдің ең құнды активі зияткерлік, адами капитал болып табылатыны даусыз. Әрбір мемлекеттің мақсаты – бірінші кезекте жас ұрпақтың шығармашылық, ғылыми бастамаларын дамытуға барлық жағдай жасау.

Бүгінгі күні ҚазҰУ-да 40 жасқа дейінгі 300-ден астам жас ғалымдар жұмыс істейді. Олардың көпшілігі әлемнің жетекші университеттері мен орталықтарында тағылымдамадан өткен, ғылыми жетістіктері Қазақстанда және шет елдерде жоғары бағаланған ғалымдар. Ағымдағы жылы жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру аясында 900 млн теңгеден астам 60-қа жуық жоба орындалуда. Бұл біздің жастарымыздың жоғары ғылыми-инновациялық әлеуетін көрсетеді. Жас ғалымдардың шығармашылық, ғылыми әлеуетін одан әрі ашу мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығы барлық қажетті жағдайларды жасауда. Университетте жас ғалымдарды қолдау мақсатында тұтас жүйе жұмыс істейді. Білім алушыларды гранттық қаржыландыру жобалар шеңберінде ақылы негізде Ғылыми зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) орындауға тарту механизмдері іске асырылуда.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Ж.Қ.Түймебаев сөз басында жас ғалымдарды Ғылым қызметкерлері күнімен, кәсіби мерекелерімен құттықтады. Жас ғалымдар ҚазҰУ мен Қазақстанның кадрлық резервінің негізі болып табылатынын, кез келгені университет пен еліміздің өміріне белсенді қатыса алатынын және университет басшылығы олардың инновациялық ұсыныстарын қолдайтынын, жалпы жас ғалымдарды қолдау жүйесін одан әрі жақсартудың тиімді механизмдері жасалатынын айтты.

– Құрметті жас ғалымдар, университетіміздің ұстаздары, сіздер ҚазҰУ ғылыми мектептерінің даңқты дәстүрлерін жалғастырушысыздар, болашақта сіздердің араларыңызда жаңа ғылыми бағыттардың, ғылыми мектептердің негізін қалаушылар ретінде танылатындар бар екеніне сенімдімін. Сіздер ғылыми жетекші ретінде ғылыми-зерттеу бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыруға белсенді ат салысып отырсыздар. Өз зерттеулеріңіздің нәтижелерін әлемнің жетекші басылымдарында жариялап, озық ғылыми орталықтармен және университеттермен халықаралық ынтымақтастық орната алдыңыздар. Жастарды ғылыми ізденіске

тиімді ынталандыру жолдарының бірі – Скопус деректер базасына кіретін жоғары рейтингті журналдардағы мақалалары үшін ғалымдарға сыйақы беру. Мысалы, өткен жылғы сыйақы көлемі шамамен 175 млн теңгені құрады. Зерттеудің өзекті бағыттарын дамыту, жаңа ғылыми мектептерді қалыптастыру үшін ҚазҰУ-да постдокторантура институты енгізілді, оған біз Қазақстан мен әлемнің жетекші университеттерінің үздік кадрларын тартамыз. Дарынды білім алушылар мен жас ғалымдарды қолдау жөніндегі осы жұмыстардың барлығын университет басшылығы мен жеке өзім жалғастырып қана қоймай, сонымен қатар Сіздердің бүгінгі ұсыныстарыңыз негізінде одан әрі кеңейтетін боламыз. Бұл сіздермен екінші кездесуіміз. Алдағы уақытта университетте ғылыми-инновациялық саланы дамыту және жоғары нәтижелерге қол жеткізу мақсатында осындай іс-шаралар дәстүрлі түрде өткізілетін болады. Варшаваға шығармашылық табыс, ғылыми жаңалықтар, жаңа белестер мен жаңа білімге табанды ұмтылыс тілеймін! – деді өз сөзінде ректор Жансейіт Түймебаев.

Жас ғалымдар өз кезегінде алдағы жоспарларымен бөлісіп, ғылыми-инновациялық саланы дамыту бойынша ұсыныстарын, пікірлерін ортаға салды. Механика-математика факультетінің деканы PhD, профессор, Дәурен Жәкебаев суперкомпьютерді қолдану арқылы ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыту туралы баяндама жасады. Суперкомпьютердің артықшылықтарын және бакалавр, магистратура студенттерін шет елдерге тағлымдамаға жіберу туралы ұсынысын айта келе, декан қазіргі кезде факультеттің атқарып жатқан ғылыми жұмыстарына тоқталды.

«Бүгінде математика және компьютерлік модельдеу кафедрасы мен статистика және ғылыми есептеу кафедрасы базасында – «Есептеу математикасы және математикалық модельдеу» мен «Ғылыми есептеу» деген екі зертхана бар. Суперкомпьютерді пайдаланудың нәтижесі – бағдарламалық өнім, тәсіл, модель, алгоритм, әдістемелер. Қазіргі кезде Механика-математика факультетінің Data-орталығында орнатылған есептеу кластері – физикалық есептеу (мұнай кендерін барлау, мұнайды сүзу, аэрогидродинамика), биоинформатика, экология, экономиканы жоспарлау, жансыз интеллекті зерттеу, қашықтықтан

зондтау мәліметтерін талдау міндеттерін орындауға пайдаланылады», деді профессор Дәурен Жәкебаев.

Филология факультеті, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары, PhD Гүлназ Дәуітова, жас ғалымдар үшін міндетті болып табылатын ғылыми жарияланымдар туралы өзінің ұсынысын айтты.

«Университетімізде қазіргі әлемдік бәсекеге қабілетті жас ғалымдар даярлануда. Жас ғалымдардың идеяларын, жаңалықтарын насихаттауды толық жүзеге асыру үшін бар мүмкіндік жасалып жатыр. Факультетіміздің жас ғалымдары АҚШ, Түркия, Еуропа елдерінде 6 айдан 1 жылға дейінгі ғылыми тағылымдамалардан өтуде. Алған нәтижелерін ғылыми семинарларда бөлісіп, ғылыми журналдарға мақалалар жариялауда. Осы мақала жариялау мәселесі бойынша мынандай ұсынысым бар. Магистранттар мен докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғау туралы ереженің талаптары бойынша Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарға мақала жариялау міндетті болып табылады. Ал, ҚазҰУ «Хабаршысының» соңғы ережесі бойынша магистранттардың мақалалары қабылданбайды. Басқа жоғары оқу орындарының «Хабаршыларына» жібергенде де қиындық туындап отыр. Осы мәселенің шешімі ретінде Ресей, Еуропа елдеріндегідей «Жас ғалымдар хабаршысы» немесе «ҚазҰУ жас ғалымдарының хабаршысы» сериясын қалыптастыру керек деп ойламыз.

Мұндағы талаптар негізгі «Хабаршыларға» қарағанда білім алушылардың деңгейіне сай жеңілдетілген формада қойылатын болса, университетіміздің студенттері, магистранттарымен қатар, басқа оқу орындарының жас ғалымдары да мақалаларын белсенді түрде ұсынар еді. Әзірге еліміздегі ешбір жоғары орнында мұндай «хабаршылар» жоқ.

Екінші айта кететін мәселе, факультет деңгейінде филология саласындағы жас ғалымдардың Виртуалды алаңын әзірге Ресей, Түркия және ҚХР филология саласындағы жас ғалымдарымен жасауға келісіп жатырмыз. Виртуалды платформаның мақсаты – филология ғылымындағы жаңа бағыттар бойынша жас ғалымдардың ой-пікірлерімен, тәжірибелерімен алмасу. Бірлесіп ұжымдық монография, жинақтар шығару, шығармашылық жобалар ұйымдастыру, конференция, семинарлар өткізіп ашық түрде платформаға жүктеу. Бұл жұмысқа кәсіби бағдар ретінде мектеп оқушылары мен студенттерді де тартамыз. Болашақта Виртуалды платформамыздың жұмысы жоғары деңгейде дамыса, университет деңгейінде кеңейтсек деген ұсынысымыз бар», дейді филолог ғалым Гүлназ Дәуітова.

Келесі баяндама жасаған Экономика және бизнес-жоғары мектебіндегі экономика кафедрасының постдокторанты, PhD Әзиза Жұпарова ғылыми жобалардың нәтижелерін коммерциялау туралы және оны қалай жүзеге асыру жолдарын айтты. Ол үшін жас ғалым консалтингтік орталық ашуды ұсынады. Онда компаниялардың, ұйымдардың шеңберінде инновациялық жобаларды кәсіби сараптау, сондай-ақ қызметін, жұмысын форматтауға көшіру жұмыстары жүргізілетін болады.

Ректормен кездесу барысында жас ғалымдардан көптеген ұсыныстар түсті, қызу пікірталас болды. Олардың барлығы электрондық пошта арқылы жолданатын болып келісілді және бұл ұсыныстардың барлығы міндетті түрде қаралып, жауап берілетін болады.

Жыл сайын университетте Ғылым қызметкерлері күні қарсаңында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үздік жас ғалымы» байқауы дәстүрлі түрде өткізіледі. Онлайн-кездесу соңында Байқаудың жеңімпаздарын, сондай-ақ «Фараби Әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың конференциясы мен инновациялық жобалар байқауының жеңімпаздары арнайы дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Қайыржан ТӨРЕЖАН



В Казахском национальном университете имени аль-Фараби прошел экологический субботник, в ходе которого были высажены 120 саженцев крымских сосен на «Аллею деревьев» с участием руководителя вуза Жансеита Түймебаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздің жоғарғы оқу орындарының қара шаңырағы. Қазақ елінің тұңғыш және ең ірі университетінің басқа оқу орындарымен салыстырғанда орны ерекше. Биыл 87 жыл болатын қарт ұямыздан қаншама әйгілі тұлғалар ұшып шықты, көптеген керемет ұстаздар оларға дәріс үйретті. Сол тұлғалар тәуелсіз еліміздің дамуына кәсіби үлестерін қосты.



ҚазҰУ-дың Философия және саясаттану факультетінің «Мәдениеттану» бөлімі 1991 жылы құрылған болатын. Яғни, биыл 30 жылдығын атап өткелі жатқан бөліміміз Тәуелсіз Қазақ елімен түйдей құрдас. Егемендік алған жас мемлекетке өз мәдениетін тану, жаңғырту, зерттеу мен басқаларға таныс ету өте маңызды шаралардың бірі еді.

Еліміздің мәдениеттану ғылымының бастауында Б.Г. Нұржанов, Ж.Ж. Молдабеков, Т.Х. Рабитов, З.Н. Исмагамбетова, Г.К. Әбдіғалиева, А.Р. Масалимова, А.Т. Құлсариева сияқты көрнекті ғалымдар тұрды.

Бүгінде «Мәдениеттану» бөлімі ACQUIN халықаралық аккредитациясынан өтті.

Мәдениеттану қоғамдық өмірдің әртүрлі саласының мәдени аспектілерін зерттеп, әлемдік мәдениетке зор үлес қосқан мәдениеттердің ерекшеліктері мен жетістіктерін саралап, түрлі халықтар мен этностардың мәдениетін зерделеп, қазіргі заман мәдениетінің дамуының тенденциялары мен болашақ мүмкіндіктерін зерттейді.

Біздің бөлім бакалавр, магистратура және докторантура сияқты білім беру сатысының барлығын қамтиды. Білімін аяқтаған студенттеріміз болашақта оқу орындарда мәдениеттану пәнінің оқытушысы, мәдени құндылықтарды бағалау бойынша эксперт, мәдени сала бойынша кеңесші, ұлттық қауіпсіздік пен ішкі істер саласындағы арнайы құрылымдардың референті мен маманы, мәдени ағартушылық ұйымдарының маманы, БАҚ жүйесінде мәдени шаралардың шолушысы, имиджеолог, бұқарамен байланыс маманы, мәдени саясат жөніндегі маман және т.б. қызметтерді атқара алады.

Мамандықтың ғылыми-зерттеу саласының негізгі бағыттары: шығыс, ислам және батыс философиясының тарихи-философиялық зерттеу; аксиология проблемасын мәдени-философиялық зерттеу; мәдениеттің тарихы мен философиясының әдістемелік мәселелері; мәдени-антропологиялық

және этномәдени зерттеулер; медиа-мәдениеттің проблемаларын зерттеу және т.б.

Факультетімізде А.Р. Масалимова, А.К. Әбішева, А.К. Жолдыбаева сияқты ғалымдарымыздың өзіндік ғылыми мектептері жұмыс атқаруда.

Біздің студенттер Түркия, Германия, Австрия, Испания, Корея, Ресей және т.б. елдердегі серіктес оқу орындарда білімін жетілдіруге мүмкіндік бар. Сонымен қатар бөлім ішінде «Қазақтану. Антропология», «Мәдениет KZ» сияқты орталықтар мен клубтардың есіктері әрдайым студенттерге ашық.

Біздің тұлғалардың арасында халық депутаттары, діни басшылар, әйгілі журналисттер мен блогерлар, мәдениет саласының басшылары бар.

Қазақ мәдениетін әлемдік мәдениетпен үйлестіріп, дамытып, еліміздің мәдениеттану саласына үлесін қосамын деп мақсат қойған жастарға біздің Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультетінің «Мәдениеттану» бөлімінің есігі әрдайым ашық!

Арайлым ШАҢБАЕВА,
дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы

ІШКІ ӘЛЕМІМ ОСЫ УНИВЕРСИТЕТКЕ ЖЕТЕЛЕПТІ

Мектеп кезінен тіл үйренуге деген құштарлығым зор болды. Әсіресе, әлем бойынша ең көп қолданыстағы ағылшын тіліне деген қызығушылығым ерекше еді.



Шет тілдері бойынша олимпиадаларға жиі қатысып, жеңімпаз атанып, жүлделі орындарға, сыйлықтарға ие болып жүрдім. Орта мектепті 2016 жылы бітірдім. Осы жылы мен Түрікменстанның астанасы Ашхабат қаласында орналасқан Шет тілдері институтына оқуға түсу үшін емтихан тапсырған болатынмын, өкінішке орай сол жолы жолым болмай, оқуға түсе алмадым. Содан кейін Отанымды қорғау үшін әскер қатарына қабылданып, абыроймен қызметімді атқарып қайттым.

Менің ішкі әлемімде жоғары оқу орнына түсу жайлы сенім жойылған емес. Сол сенім мені алға жетелеп, жоғары оқу орнына түсуді жоспарладым. Дәл сол жылы елімізде шетелде білім алуға мүмкіндік беретін университеттер тізімі жарияланды. Тізімнің ішінен Қазақстан Республикасындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін көріп, университет жайында мол ақпарат алып, таңдауым осы университетке түсті. 2019 жылы оқуға шақыру алып, қыркүйек айында Қазақстанға ұшып келдім. Мен келісімшарт негізінде оқуға түстім. Қазір университеттің филология және әлем тілдері факультетіндегі шет тілі: екі шет тілі мамандығында 2 курсында оқимын.

Маруф САПАЕВ,

*шет тілі: екі шет тілі мамандығының
2-курс студенті,
Түрікменстан азаматы*

Кураторы: Сәуле БЕКТЕМІРОВА,
ф.ғ.к., доцент

Университетіміздің тарапынан қашықтықтан және онлайн режимде студенттердің білім алуы үшін мүмкіндігіне қарай барынша технологияларды пайдаланып, қол жетімді болуын қамтамасыз етуде. Қолданушыларға ыңғайлы университетіміздің «MOODLE», «Универ» жүйесіндегі «Қашықтықтан оқыту» базасы мен еліміздегі әлеуметтік желілер пайдаланылуда.

ОНЛАЙН ФОРМАТТА ОҚЫТУДЫҢ САПАЛЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Бастапқыда онлайн оқытудың қыр сырын және оның қажетті тұстарын түсіну қиын болып, соның нәтижесінде теріс көз қарастар мен пікірлер көп еді. Бірақ, университетіміздің онлайн оқыту технологияларын меңгеру мен оларды пайдаланудың мүмкіндіктерін жетілдіру бойынша арнайы оқыту сабақтары, вебинарлар мен мастер-класстар ұйымдастыру арқылы биылғы оқу жылы былтырғыдан әлде қайда жоғарырақ деңгейде жүргізілді. Оған себеп ретінде онлайн форматта нарықта бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың сапасын арттыруды қамтамасыз ететін келесідей жағымды тұстары атап айтудың өзі жеткілікті:

-Жоғары оқу орындарының бизнес құрылымдармен тығыз қарым-қатынас орнату, офлайн оқыту кезінде арнайы тәжірибелі мамандармен кездесу ұйымдастыру өте қиын еді, ең алдымен олардың келіп-кетуіне кететін уақыт кедергісі болған онлайн оқыту бұл кедергілерді жоюға септігін тигізді.

-Шетелдік ғалымдарды оқытуға көбірек тартуға мүмкіндіктер ашты, офлайн оқыту жағдайында шетелден оқытушыларды сабақ беру үшін тарту көбінесе олардың елімізге келудің құжаттық рәсімдерлердің қиындығы кедергісі жиі кездесетін, онлайн оқыту кезінде шетелдік маман немесе ғалымдардың өз елінде отырып-ақ қазақстандық білім алушыларды оқыту үшін зор мүмкіндіктер берді.

Мемлекет басшысы өзінің жолдауында бизнестегі жаңа технологияларды қолдану мүмкіндіктеріне жол ашу қажеттігіне ерекше назар аударатыны бәрімізге мәлім. Осы тұста ҚазҰУ-дың «Бизнес-

технологиялар» кафедрасы нарықта сұранысқа ие «Маркетинг», «Логистика» мамандықтарын даярлайды. Бизнеске қолданылатын барлық технологияларды жоғары деңгейде меңгеруі үшін кафедра оқытушылары білім беру бағдарламаларын құрастырғанда кәсіпкерлердің, яғни жұмыс берушілердің қатысуымен жүргізеді. Аталмыш мамандықтардың оқу жоспарлары жұмыс берушінің сұранысына қарай жасалынып, сол бағыттағы арнайы технологиялармен оқытылады. Әрине мұндай шараларды офлайнда ұйымдастыру онлайн форматынан көбірек уақыт пен талаптарды қажет етеді.

Университетіміздің білім беру процесін онлайн басқарудың ақпараттық жүйесі оқу және қызмет ету студенттерге де, оларға дәріс оқитын ұстаздарға да Республ-икалық ғылыми жобаларға қатысуға, ғылыммен айналысуға, зиялы ортамен үндестікте өмір сүруге және өзге де көптеген мүмкіндіктерге жол ашты, осы мүмкіндіктерді одан әрі жетілдіруге, дамытуға әлі де болса күш салып келеді.

Көріп отырғанымыздай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – бұл білім жүйесіндегі қасиетті «қара шаңырақ» қана емес, жаңа технологиялар талабына сай даму, жетілу үстіндегі шексіз мүмкіндіктердің ордасы.

З.Б. АХМЕТОВА,

*бизнес-технологиялар кафедрасының
меңгерушісі, э.ғ.к., доцент*

М. БЕЛҒОЖАҚЫЗЫ,

*маркетинг мамандығының
2-курс докторанты*

БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕГІ - ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМ...

Әлемдік ақпараттық кеңістік тың жаңалықтар мен күрделі мәселелерге тұйықталып келеді. Философтар адамзаттың шектен тыс ақпарат тасқынында қалуына алаңдайды. Өйткені, бізде ақпарат өте жылдам таралуда. Оған ғаламтордың ықпалы зор. Қазір өш нәрсені жасырып қала алмайсың. Ақпарат оң және теріс күйінде сүзгіден өтпестен, кеңістікке еркін жайылуда. Бұл үлкен мәселе, шындықта келгенде әлеуметтік-философиялық мәселе.

Ақпарат адамзатты азығыруда. Мәселе-теріс ақпараттарда. Олар сәт сайын түрлі жолдармен әлеуметтік желілер арқылы желдей еседі. Қоғамда ақпаратқа деген толыққанды иммунитет қалыптаспайынша, оның зияның әлі де тарта бермекпіз. Ал бұл тұста әлеуметтік желілердің мәселесі бір төбе. Әлеуметтік желіге тәуелділік-виртуалды әлемге ашылған қақпа болғандай. Ал оның кірушілері көбеймесе, азайған жоқ. Шынайы өмірден-виртуалды өмірге өту адамзат үшін қаншалықты мәселе? Философия пәнінде осы мәселелерді талдаған студенттеріміздің пікірі ойымызды толықтырсын.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
PhD докторы, философия кафедрасының оқытушысы



Интернет пайда болған кезеңнен бастап «виртуалды өмір» ұғымы да күнделікті тіршілігімізге бірден еніп кетті. Бүгінде тек жастар ғана емес, орта жас, үлкен кісілер үшін де виртуалды әлем пайдасын әкеліп отырғаны рас. Дегенмен бұл әлемнің кемшін тұстарын бірі байқаса, енді бірі керісінше «жаман әдетке тез үйренесің» деген қағидаға сәйкес, шырмауына түсіп жатады. Мамандар виртуалды әлемге тәуелділік ХХІ ғасырдың індетіне айналып барады деген пікірлер айтуда. Шын мәнінде виртуалды әлемнің зияны неде? Осы мақалада психологтардың пікірін қарастырып көрейік.

Виртуалды әлемді басқаша кибер әлем деп атайды. Кибер ортаның бүгінде пайдасы мен қоса зияны бар екенін тек психологтар ғана емес, қауіпсіздік қызметтері де ескертіп жүр. Виртуалды әлемнің мынадай негізгі зиянды жақтары бар:

Интернет тәуелділік. Интернетті үнемі шектен тыс пайдалану кибер-тәуелділік деп аталады. Оған әртүрлі жастағы тәуелді болуы мүмкін, алайда көпшілігі - балалар мен жасөспірімдер. Видео, ойындар, әлеуметтік желі мен танысу сайттары адамды шынайы өмірдегі қымсындудан сақтайды. Сондықтан кейде адамдар виртуалды әлемде өзін еркін сезінеді.

Психологтар интернет тәуелділік бүгінгі жастардың негізгі проблемасына айналуға екенін айтады.

Алаяқтыққа ұрыну. Қазір интернет желісінде түрлі алаяқтарды кезіктіруге болады. Әлеуметтік желідегі, банк деректерін, басқа да ақпараттарды алып, алаяқтар сізге зиянын келтіруі мүмкін.

Жеке ақпараттардың таралып кетуі. Сіз жайлы, деректеріңіз, фото, видеоларды қарсы пайдалануы мүмкін. Сондықтан виртуалды әлемде қандай ақпаратты бөлісіп, қандайын бөліспеу керектігін білген жөн.

Мәселен, ресейлік танымал психолог Анастасия Булгакова виртуалды әлемге қатты енудің салдары ауыр болады деп пікір білдірген.

«Виртуалды өмірге беріліп кетсең, шынайы өмірді қабылдай алмайсың. Сезім мүшелерінің бәрі істен шығады. Адамға жан ашу, уайымдау, өкіну сияқты сезімдер уақыт өте келе жоғала бастайды. Қазіргі блогерлер виртуалды өмірге беріліп кеткен деуге әбден болады», - дейді ол.

Қазақстандық психоналитик Шырын Айдарова басылымдардың біріне берген сұхбатында виртуалды әлемнің зияны жайлы айтып өткен. Ол ең алдымен интернет адамға нені алмастырады, соны білу керек дейді.

«Бәлкім адам өзін жалғыз сезінетін шығар? Мүмкін виртуалды әлемде қарым-қатынас орнатқан шығар? Немесе фото, видеоларға қарап өзінің қиялында өмір сүретін шығар. Кейде адам компьютерлік ойындар ойнап өзінің ызасын, ашуын шығарады», - дейді Шырын Айдарова.

Мамандар кеңесіне сүйенсек, шынайы өмір мен виртуалды өмірді шатастырмаған абзал, соңғысынан тек қажетті дүниелерді алуға тырысу керек.

Нұрсұлтан МҰСА,
органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығының 2-курс студенті



С появлением социальных сетей в жизни молодежи все больше людей создают виртуальный мир, в котором их жизнь кому-то интересна, а они сами нужны и восстребованы. Но если пристально взглянуть в суть явления, то окажется, что это всего лишь иллюзия жизни и счастья.

Самый яркий пример – популярная сеть инстаграм. Молодежь, да и люди постарше большую часть своего времени проводят в инстаграме, нежели в реальной жизни, предпочитают виртуальное общение живому. Демонстрируют на фото и видео показное счастье, сияющее радостью лицо, офтошоппленную улыбку. Социальная сеть настолько прижилась в нашей жизни, что появилось новое слово «инстаграмный». Этот эпитет употребляют, чтобы обозначить красиво поданную еду, модную, как с картинкой, одежду, украшения и много другое. Мы живем в окружении инстаграмных вещей. Помимо этого, началась новая эпоха развития интернета, появились digital-профессии. Специалисты, зарабатывающих с помощью социальных сетей, зачастую так и называют «инстаграмщиками».

Конечно, все это замечательно, но у каждой медали есть обратная сторона. Инстаграм отнимает у нас реально много времени. Не знаю как, но я пропустила тот момент, после которого всегдагдаи соцсетей стали интересовать тем, как живут, чем питаются, во что одеваются совершенно незнакомые им люди. Они часами наблюдают чужие истории, публикации. Это очень печально, мне кажется, постепенно люди деградируют. Молодежь Казахстана стремится учиться в других странах: в США, Корее и странах Европы, с дальними планами остаться жить там. Они рвутся в цивилизованные, развитые страны, но при этом сами не желают развиваться духовно, искать ответы на вопросы о природе явлений, читать книги, заниматься наукой, делать открытия. Многие волнуют только один вопрос: «Сколько лайков наберет выложенная фотография?». Если взглянуть критически, сравнивая блогеров из вышеперечисленных стран и наших, то можем увидеть существенную разницу. Иностранцы блогеры не пошат каждую минуту события своей жизни, частота их историй максимум 5 в день, а наши в свою очередь пошат до лимита. Несмотря на меньшую активность в инстаграме иностранные блогеры интересны всем, их смотрят миллионы. Для них главное – работа, а инстаграм – хобби. А для наших «лидеров мнений» инстаграм – и жизнь, и хобби.

Виртуальный мир затягивает нас. Мы поздравляем близких с днем рождения, говорим «спасибо», делимся счастьем через инстаграм. Неужели менее приятно позвонить человеку или увидеться с ним в реальной жизни, увидеть живые эмоции радости?

В заключение хочу сказать, что социальные сети не сближают – вы как бы вместе, но на самом деле каждый один. Это иллюзия дружбы, общения и в целом жизни. Нельзя допускать виртуальному миру заменять реальное общение и красть наше драгоценное время.

Жанерке АЙБАСОВА,
студент 2-го курса специальности химическая технология органических веществ

Заманауи адам өндірісінің басты өнімі болған виртуалды әлем өмірінің бірден-бір бөлігіне айналып, өзіндік пайдасы мен зиянын қатар тигізе отырып, қарқынды дамып жатыр. ХХ ғасырда ғылым мен философияда пайда болған «виртуалдылық» ұғымының бейнесін әлеуметтік желілерден айқын байқай аламыз. Шындығын айтсақ, әлеуметтік желілерді пайдасына қолдана алмаған адам бір-екі шертсең болғаны, ұшы-қиыры жоқ ақпарат кеңістігі құшағын айқара ашып тұратын ақпараттық әлемнің құрбанына айналады.

Виртуалды өмірдегі шегі жоқ сан түрлі бейнежазбалар лентасын «түбіне» жетпейінше ақтара беруге итермелейтін жастар арасында қарқынды түрде дамып жатқан әлеуметтік желінің бірі - «TikTok». Бұл қосымшаны уақытты масаша сорып жатқан «Уақыт ұрысы» десек те болады, себебі уақыт деген қалпына келмейтін бағалы ресурс өзге біреудің өмірін бақылауға, мағынасыз әзіл-сықақ, ойын-сауық бейнежазбаларын тамашалауға кетіп жатыр. Қосымшадағы шексіз «скроллинг» әсерінен ұшы-қиыры жоқ лентадағы супертанымал бейнежазбалардың аяқталар шегі көрінбей, ақпараттар легі мұхитына батырып, уақыт ағымы байқалмай қалады.

«Таяқтың екі ұшы бар» демекші, қазіргі таңда үлкен сұранысқа ие бұл әлеуметтік желінің теріс салдарымен қоса, пайдалы тұсы да бар. Қосымшаны пайдалану барысында пайдасыз бейнежазбаларға назар аудармай, ақпаратты филтreden өткізіп, қажетті сапалы контентке концентрация қояр болсақ, бұл әлеуметтік желіні басқа қырынан көре аламыз. Пайдасына қарай қолдана алсаңыз, TikTok жастардың бойындағы дамуға деген құлшынысы мен шығармашылыққа бейімділігін арттырып, шығармашылық еркіндік сыйлайды, шексіз мүмкіндіктерге қақпасын ашады. Қосымшада дұрыс емес контент кездесер болса, өзіндік талқыға түсіп, басқа қолданушылар ойларын жеткізе отырып, дебат алаңына айналдырады. Осылайша, жас ұрпақтың көзқарастары жаңа ойлармен толысып, өзіндік дүниетанымын кеңейтуге ықпалын тигізеді.

Түйін: Біз ақпараттық тұтыну дәуірінде өмір сүретіндіктен, TikTok қосымшасын қолдану немесе қолданбау үшін шешім қабылдау қиынға соғады. Көп жағдайда біздің таңдауымыз қоршаған ортадағы факторларға тікелей байланысты. Бірақ, саналы түрде жоғарғы сортты контентті тұтыну мен жеке уақытты «таза» пайдалана білу барлығының қолынан келеді.

Айбота ЕКПІН,
органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығының 2-курс студенті

Технологиялар мен өндіріс дамыған заманда адамды таңғалдырудың өзі қиынға соғады. Қазіргі таңда қолданып жүрген қарпайым телефон мен әлеуметтік желілер бұрынғы ата-бабаларымыз үшін ғажайып бір түсеті көрініс еді. Бірақ, ауыз толтырып айтарлықтай осынау жетістіктеріміз өзімізге кері әсерін тигізіп, бәрімізге белгілі ғаламтордың құлы болып кеткен жоқпыз ба? Сол туралы ой саралап көрейік.

2020 жыл бүкіл әлем үшін ауыр жыл болып, ғаламтордың қаншалықты пайдалы, әрі көптеген мүмкіндіктер беретініне көз жеткіздік. Жұмыс орынмыз, оқуымыз онлайн форматына ауысты. Қазақстанның әр түкпірінде отырсақ та, бірдей желіге қосылу арқылы, бір-бірімізді жүзбе-жүз көріп, еркін сабағымызға қатыса аламыз. Осындай міндетті атқаратын көптеген қосымшалар пайда болды. Бұрыннан келе жатқан Майкрасофт Тимс, Скайп, Зум және т.б. секілді қосымшаларға бүкіл әлемнің назары ауып, өте белсенді түрде пайдалана бастады.

Әр нәрсенің де жақсы, әрі жаман жақтары болады демекші қашықтан оқудың да кемшіліктері жоқ емес. Қашықтан оқу үшін арналған қосымшалардың ең алғашында көптеген олқылықтарын көрдік. Артынша ұстаздар мен студенттер үшін күннен-күнге жаңартулар енгізіп, бәрі үшін де қолайлы қылды. Жүйе ішінде үй жұмыстарын жіберіп, сабақ кезінде презентацияларын еркін қорғай алатындай болды.

Қортындылай келе, ғаламторды тек күннен күнге дамып, білім алу үшін пайдаланса оның берері де мол!

Али КЕРЕЕВ,
органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығының 2-курс студенті

Ұялы телефон өмірімізге енгелі-әлеуметтік желіден қол басмайтын болып барады. «Кірмедік» деген күннің өзінде бір шолып шығамыз. Әрине, жаңа кеңістіктің пайда болғаны жақсы, бірақ шектен тыс виртуалды әлемнің қонағы болуымыз адамзат баласын ойландыруы керек деп ойлаймын. Пандемия кезінде онлайн байланыс тиімді болып отыр, дегенмен бұл біздің түпкілікті виртуалды әлемге түбегейлі байланып қалуымызға себеп емес. Пандемия да өтер... Сондықтан философиялық тұрғыда осы мәселелерге алаңдауымызға негіз жоқ емес.

Уақытымызды жай алып қана қоймай, санамызды жағымсыз ақпараттармен улай бастаған әлеуметтік желілер адамдардың ойын мүлдем басқа арнаға бұрды. Соның бірі, әлемдік ауқымды Facebook әлеуметтік желісі. Соңғы уақытта әлемдік жағдайда аталмыш желіні бұзғандар анықталуда. Олар 3 млн адамның жеке басына қатысты мәліметтерді алып, желінің тас-талқанын шығарды. Міне адамдардың жеке өмірі туралы мәліметтер қалың жұртқа жария болды. Дегенмен бұл желіні қолданатындардың саны әлі де азаймай отыр. Керісінше бұл жағдай сабақ болмағандай, түрлі мекемелер әлі де өздері туралы ақпаратты Facebook желісіне жүктеуді тоқтатар емес.

Әсемгүл ШУПТУБАЕВА,
органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығының 2-курс студенті

Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының ұйымдастыруымен көрнекті ғалым, ұстаз, жазушы, публицист, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Әбілғайыз Ыдырысовты еске алуға арналған «Баспа ісі және медиадизайн: қазіргі трендтер, проблемалары және келешегі» деген тақырыпта Ыдырысов оқулары өтті

ҚАЗҰУ ҚАЛАШЫҒЫНА ТАҒЫ 120 ҚАРАҒАЙ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде экологиялық сенбілік ұйымдастырылып, оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен «Ағаштар аллеясына» 120 қырым қарағайы отырғызылды.



Студенттер қалашығын көркейту, сән-салтанатын арттыру жұмыстары Наурыз айынан бастап қолға алынып келеді.

Ұлыстың ұлы күні «Ағаштар аллеясы» ашылып, онда ұжыммен бірге 160-тан астам қырым қарағайы мен алтай шыршасы отырғызылған болатын.

Ғылым қызметкерлері күнінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қырының» бірі ретінде атап өткен Сиверс алмасының 90 көшеті егіліп, ол «Ғалымдар бағы» деп аталды.

Игілікті іс бүгін жалғасын тауып, «Ағаштар аллеясына» тағы 120 түп қырым қарағайы қосылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы, Ректоры Жансейіт Түймебаев ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақаласындағы тапсырмаларға тоқтала келе, көзделген міндеттер ҚазҰУ қалашығында айқын көрініс табуы қажеттігін алға тартты. Сондай-ақ қалашықты жастардың жайлы, көпшіліктің көңіл қуантар мекеніне айналдыру үшін ауқымды жұмыстар жоспарланып, алдағы уақытта барлық жатақханалар маңын көріктендіру көзделгенін атап өтті.

Ал жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі Мадина Исакова: «Қасиетті Рамазан айында қайырымды іске атсалысқанымна қуаныштымын. Студенттерге қолайлы жағдай жасап отырған университет басшылығына алғыс білдіреміз» деді.

Өз тілшімізден



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛБЕЕВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
 Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **Svetlana.Umyrgaleyeva@kaznu.kz**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Басылымның Pdf нұсқасы www.kaznu.kz сайтына орналастырылды.

Бағасы келісім бойынша.

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.